

Дипломбек сияқты есімдер қойылған. Жаңа жыл қарсаңында дүниеге келген сәбиге "Елка" есімі қойылған.

Еліміздегі белгілі композитор, шәмшітанушы Қалдыбек Құрманәлі өз балаларының атын

Шәмшіқалдаяқ, Бекзатсаттархан, Мұхтаршахан, Иманғалитасмағанбет қойған қойған. Ұлы адамдар құрметіне Нұрсұлтан, НұрӘбиНаз. Яғни, Қазақстан президентінің аты, тегі, әкесінің аты қысқартылып, бір есім болып шыққан. Бұдан өткен тағы бір қызық есімдер бар. Олар – Ева- Арабелла және Бауыржанмомыш.

Антропонимдердің шығу, пайда болу тарихын зерттеу барысында ерте кездерде шығып, бүгінгі заманға жеткендерімен бірге орта ғасырларға тәндері және жаңа, жаңарған дәуірлерде жасалғандарының түрлері анықталып, талданды. Қазақ антропонимдерін зерттеу жұмысы қазіргі таңда шектеліп қалмай, келешекте де жалғаса бермек.[5]

#### Әдебиеттер:

1. Жанұзақов Т.Д. Қазақ тіліндегі кісі аттары.– Алматы, 1960.-57б.
2. Сақыпұлы А. Бұқаралық ақпарат құралдарындағы ономастика мәселелері.-№ 5, 2005. 28-36бб.
3. Омарұлы Б. Тіл саясаты және ономастика.- Астана: «Ақжол- баспа», 2004.97-98бб.
4. 丝绸之路：一部全新的·全食物调养秘笈 全2,2001-22б.
5. Жанұзақов Т.Д. Есіміңіз кім? – Алма-Ата: Қазақстан, 1989.-27б.

**Жолшорина А.Г.**, академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, философия және психология факультеті, Пс-31 тобы, студент.  
(*Ғылыми жетекшісі – ф.және.п.к., магистр, аға оқытушы Капашева Г.А.*)

### ГЕНДЕРЛІК СӘЙКЕСТІК ПЕН ОТБАСЫ ТИПІНІҢ АРА ҚАТЫНАСЫН ЗЕРТТЕУ

Жастардың гендерлік сәйкестігін зерттеудің өзектілігі, түрлі феномен және факторлар қатарымен сипатталатын қазіргі әлеуметтік жағдайлармен шартталады: қоғамдағы гендерлік таптауырынның және жыныстық-рөлдік арақатынастың өзгеруі, әйелдердің қоғам өмірінде анағұрлым белсенді қатысу, некенің жаңа түрінің, оның ішінде дәстүрлі емес түрлердің пайда болуы, Қазақстанда ажырасу санының артуы, жалғыздық мәселесінің орын алуы, психикалық, психосоматикалық, сексуалды бұзылыстар санының өсуі. Осымен байланысты жастардың гендерлік сәйкестігін зерттеу жастар арасында қоғамның манызды институты ретінде есептелінетін отбасына деген қатынас тенденциясын анықтау мәселесі пайда болады. Адами тіршілік екі жынысқа бөлінеді, және балалардың көп саны ер, немесе әйел жынысқа жататыны туралы нақты сезінеді. Бұл кезде, оларда психологиялық дамуда гендерлік сәйкестік деп аталатын құбылыс пайда болады. Дегенмен көптеген мәдениетте ер мен әйелдің биологиялық айырмашылықтары тұжырымдар және жүріс-тұрыс таптауырын жүйесімен өседі, әрі ол адам іс-әрекетінің түгелдей саласын қамтиды. Әр түрлі қоғамда ер мен әйел жүріс-тұрысының қатаң, әрі қатаң емес нормалары бар, ол олардың қандай рөлді орындауға міндетті немесе орындауға құқысы бар екенін, тіпті олардың қандай тұлғалық сипаттамаға «тән» екенін реттейді.[1]

Гендерлік сәйкестік – өзінің ер немесе әйел жынысқа жататынын түсіну. Берілген түсінік маскулинділік/феминділік жайлы көріністер ара қатынасты сипаттайтын, адамды жыныс өкілі ретіндегі уайымын, нақты жыныстық ерекшелік сипаттар және жүріс-тұрыс ерекшеліктер иегері ретінде сипаттайтын, тұлғаның өзін тану аспектісін білдіреді.

Гендерлік сәйкестік – адамның өзіндік санасында кәсіби, отбасылық, этикалық, білім беру және басқа да статустар жайлы көріністермен тұтастықта қатар өмір сүретін, әлеуметтік идентификацияның ерекше түрі. Ол баланың туылғанынан бастап, яғни оның сыртқы жыныстық мүшесінің құрылысы негізінде оның төлқұжаттық (азаматтық, акушерлік) жынысы анықталған кезде қалыптаса бастайды. Осыдан бастап гендерлік әлеуметтену процесі басталады, бұл кезде баланы мақсаттылы түрде, берілген қоғамда «ер» мен «әйел»

жайлы қабылданған көріністерге сай келетіндей тәрбиелейді. Дәл осы қоғамда өмір сүретін эталондар негізінде баланың өзіндік гендерлік сәйкестігі және рөлі, оның жүріс-тұрысы, сонымен қоса өзін – өзі бағалауы жайлы көріністері қалыптасады.[2]

Өзіндік жыныс жайлы алғашқы көріністер балада 1,5 жаста-ақ қалыптасады, және де дәл осы көрініс өзіндік сана компонентінде анағұрлым тұрақты және терең орын алады. Жаспен гендерлік сәйкестік дамиды, оның көлемі кеңейеді және құрылымы күрделенеді. Екі жастағы бала өзінің жынысын біледі, бірақ өз тандауының себебін анықтай алмайды. 3-4 жаста ол қоршаған адамдардың жынысын саналы түрде анықтауға қабілетті, бірақ көбіне оны сыртқы, кездейсоқ белгілермен байланыстырады; сонымен қоса, жыныстық тиесілік берілген жасқа өзгертін сипат болып саналады. Жыныстың өзгермеушілі баламен 6-7 жасқа қарай түсініледі, ол жүріс –тұрыс және бағыт-бағдардың жыныстық дифференциация күшімен жүреді. Келесі гендерлік сәйкестіктің қалыптасуындағы маңызды кезең – жасөспірімдік кезең. Жасөспірімдік гендерлік сәйкестік өзіндік сана компонентінің орталық компонентіне айналады. Ересек адамның гендерлік сәйкестігі өзінің жыныстық тиесілігін түсінуді, сексуалдық бағдарды, «сексуалдық сценарилерді», гендерлік таптауырын мен гендерлік артықшылықты өзіне қосатын, күрделі құрылымдалған білімді қамтиды.

Гендерлік сәйкестік құрылымында келесі компоненттерді бөлуге болады:

- когнитивті (танымдық) – білгілі бір жынысқа жататының түсіну және өзін ер/әйел категорияларын қолданумен сипаттау;
- аффективті (бағалау) – психологиялық кескіндердің және рөлдік жүріс-тұрыс ерекшеліктері негізінде оларды маскулинділік/феминділік моделдерінің эталондарымен ара қатынасты белгілеу;
- конативті (жүріс-тұрыстық) – өзін гендерлік топтың мүшесі ретінде көрсету, және де тұлғалық мағыналы мақсат пен құндылықтарға сай жүріс-тұрыс нұсқаларын тандау негізінде сәйкестік дағдарыстарын шешу жолдары.

Ресейлік психологияда гендерлік сәйкестік немесе оған жақын сұрақтармен айналысқан В. С. Агеев, И. С. Кон, Т. А. Репина, Я. Л. Коломинский және т.б.[3]

Отбасылық рөлдердің үлестірім сипатына негізделе отыра, отбасының үш типі бөлінеді: дәстүрлі, эгалитарлы және аралық.[4]

Дәстүрлі отбасы – бұл отбасында міндеттер қатаң түрде «ерлерге» және «әйелдерге» деп бөлінеді, және бұл міндеттердің көп бөлігін әйел орындайды.

Эгалитарлы отбасы отбасылық рөлді «ерлерге» және «әйелдерге» деп бөлмей, оларды ортақ орындаумен сипатталады.[5]

Аралық (белгісіз) отбасы типіне отбасышілік рөлдерді үлестірудің қалыпты нұсқауы көрсетілмейді.[4; 257]

Гендерлік сәйкестік және отбасы рөлдерінің үлестірім көрінісі арасындағы байланысты анықтау мақсатында Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды Мемлекеттік университетінің 60 студенті алынды. Әйел жынысты – 37, ер жынысты – 23. Сыналушылардың жас шамасы – 17-22 аралығы, отбасылық жағдайы – толық.

Зерттеу барысында екі әдістеме қолданылды:


1. И. С. Клецинаның «Мақалдар» сауалнамасы;
2. С. Бэмнің «Жыныстық-рөлдік сауалнама» әдістемесі.

«Мақалдар» сауалнамасы И. С. Клецинамен құрастырылған. Берілген сауалнама отбасы рөлдерінің үлестірім көрінісін зерттеу үшін қолданылады. Сауалнама өзіне жұбайлар қарым-қатынасына байланысты 15 бекітуден тұрады.[6; 34]


Жүргізілген сауалнама нәтижесі:

Кесте 1. Отбасы рөлдерінің үлестірім көрінісі бойынша сыналушылар көрсеткіші.

Отбасы типі / Жыныс	Дәстүрлі	Аралық	Эгалитарлы
Әйел	41%	43%	16%
Ер	52%	44%	4%



Сурет 1. Әйел жынысты сыналушылардың отбасылық үлестірім көрінісінің көрсеткіші.



Сурет 2. Ер жынысты сыналушылардың отбасылық үлестірім көрінісінің көрсеткіші.

Зерттеу нәтижесі әйел жынысты сыналушылардың көп саны отбасылық үлестірім көрінісінің аралық типіне жататынын көрсетті, ол сыналушылар дәстүрлі және эгалитарлы типтердің арасында, яғни отбасында отбасышilik рөлдерді үлестірудің қалыпты нұсқауы көрсетілмеуімен сипатталады. Отбасылық үлестірім көрінісінің келесі кеңінен тараған түрі дәстүрлі тип екені анықталды, яғни ол отбасында міндеттер қатаң түрде «ерлерге» және «әйелдерге» бөлінуі, және бұл міндеттердің көп бөлігін әйел орындауымен сипатталады. Және сыналушылардың аз саны эгалитарлы отбасылық үлестірім көрінісіне ие, яғни ол отбасылық рөлді «ерлерге» және «әйелдерге» деп бөлмей, оларды ортақ орындаумен сипатталады.


Ер жынысты сыналушылардың көп саны отбасылық үлестірім көрінісінің дәстүрлі типіне жататыны анықталады, келесі кеңінен тараған түрі аралық тип және сыналушылардың аз саны эгалитарлы отбасылық үлестірім көрінісіне ие екені анықталды.

Келесі «Жыныстық-рөлдік сауалнама» әдістемесі Сандра Бэммен құрастырылған (Sandra L. Bem, 1974). Берілген сауалнама психологиялық жынысты диагностикалауға және тұлғаның андрогиндік, маскулинділік және феминділік деңгейін анықтау үшін қолданылады, тұлғаның типін анықтауға мүмкіндік береді: маскулинділік, феминділік, андрогиндік. Сауалнама 60 бекітуден тұрады.[6]


Жүргізілген сауалнаманың нәтижесі:

Кесте 2. Психологиялық жыныс бойынша сыналушылар көрсеткіші.

Психологиялық жыныс	Феминділік	Андрогиндік	Маскулиндік
Әйел	8%	92%	0
Ер	9%	87%	4%



Сурет 3. Әйел жынысты сыналушылардың тұлғалық типі.



Сурет 4. Ер жынысты сыналушылардың тұлғалық типі.

Зерттеу нәтижесі көрсетуінше, әйел жынысты сыналушылар санының андрогинділік типі басым, яғни сыналушылардың көп саны ерге де, әйелге де тән сипаттамаларға ие. Мәселен, «ұялшақ», «нәзік», «жұмсақ», «сезіне алатын» деген әйелге тән сипаттармен (сауалнама кілті бойынша) қатар «тәуелсіз», «күшті», «лидерлікке қабілетті» «өзіне ғана сенім артатын», «өктем етуші» деген тәрізді ерге тән сипаттарды көрсетті. Сыналушылардың аз саны феминділік типке ие екені анықталды, яғни олар тек әйелге тән сипаттарға ие деп тұжырымдалса, сыналушылар арасында таза маскулинділік тип анықталмады, яғни ол дегеніміз сыналушылар ерге тән сипаттамаларға ие емес немесе болуын қаламайды.

Ал ер жынысты сыналушылардың нәтижесіне келер болсақ, сыналушылар санының көпшілігі андрогинділік типіне жатады, аз саны феминділік типке ие екені анықталса, тек бір сыналушы маскулинділік типке жататыны анықталды.

Сыналушылардың отбасы рөлдерінің үлестірім көрінісі және психологиялық жыныс нәтижелері арасында өзара байланыс нақтылығын анықтау және нәтижелердің гендерлік айырмашылығын көрсету үшін, екі топ таңдамасының көрсеткіштері арасындағы айырмашылық Манна-Уитнидің U критеріі көмегімен тексерілді. Алынған нәтиже, сыналушылардың отбасы типі мен психологиялық жынысы арасында байланыс жоқ екенін көрсетті.[7]

Қорытындылай келе, жалпы тұлға отбасылық типтің қай түрінде жататынына қарамастан, оның психологиялық жынысы әр түрлі сипатта болуы мүмкін. Және бұл көрініс индивидтің биологиялық жыныс ерекшелігіне тәуелсіз.

Біз, гендер үлкен мағынаға ие әлемде өмір сүрудеміз. Сондықтан да, бұл алынған білімдердің қолдану аясы кең. Нақтылай кетсек, нәтижелерді психологияның мынандай салаларында қолдануға мүмкіндігіміз бар:

1. гендерлік психологияға қатысты мәселелерді шешу барысындағы кез келген салада;
2. отбасы-педагогикалық психологияда;
3. мектеп психологының жұмыс барысында;
4. кеңес беру психологиясында;
5. психотерпияда;

6. спорт психологиясында.

Адамның жүріс-тұрысы мен іс-әрекетінде көрінетін, тұлғаның тұтас сипаттамасы ретінде саналатын, «маскулинділік» және «феминділік» көрінісінің заманауи мазмұнын зерттеу, гендерлік сәйкестік процессіне әсер ететін факторларды қарастыру перспективті. Бұл мәселелермен айналысу, тұлғалық сәйкестіктің орталық процессінің бірі ретінде саналатын, тұлғаның гендерлік сәйкестіктігінің қалыптасуының негізгі заңдылықтарын терендетуге мүмкіндік береді.

Әдебиеттер:

1. Баранова Т. С. Теоретические модели социальной идентификации личности // Социальная идентификация личности. — М.: Изд-во Ин-та социологии РАН, 1993. - С. 35-46.
2. Воронина О. А., Клименкова Т. А. Гендер и культура // Женщины и социальная политика (гендерный аспект) / Под ред. З. А. Хоткиной.-М., 1992.-С. 10-22.
3. Клецина И. С. Гендерная социализация: Учебное пособие. — СПб.: Изд-во РГПУ им. А. И. Герцена, 1998.
4. Қазақстандағы қазіргі заманғы отбасы және оның проблемалары. Монография.- Алматы: Қазақ университеті, 2004-257б
5. Антонюк Е. В. Представление супругов о распределении ролей и становление ролевой структуры молодой семьи. М., 1992.
6. Д.Беспанская-Павленко Психодиагностические методики изучения гендерных особенностей личности. МИНСК, БГУ, 2013.
7. Математическая статистика для психологов – Учебник – О. Ю. Ермолаев – 2-е изд.

**Жунусова А.Т.**, Карагандинский государственный университет имени академика Е.А.Букетова, исторический факультет, гр. ГИ-44, студент  
(Научный руководитель — к.и.н., доцент Абдрахманова К.К.)

## ПРИЧИНЫ И ПОСЛЕДСТВИЯ КЕНГИРСКОГО ВОССТАНИЯ

В статье проводится анализ основных причин восстания в Степном лагере. Автор охарактеризовал деятельность администрации лагеря, в частности охраны, повлекшая за собой трагические события в Кенгире. Отмечены предпосылки и последствия Кенгирского восстания. Приведены данные об условиях содержания заключенных, их трудовом использовании.

В Советском Союзе было создано двенадцать особых лагерей для политических заключенных, четыре из которых находились на территории Казахстана. Данное направление до сих пор слабо освещается в отечественной историографии. Тем не менее, Кенгирскому восстанию посвящен ряд публикаций, как отечественных, так и российских авторов.

Обращаясь к источниковедческому анализу данной проблемы, можно выделить три группы источников: делопроизводственные материалы, периодическая печать, источники личного происхождения (воспоминания, мемуары, дневники). К первой группе источников относятся делопроизводственные документы из ГАРФ, которые находятся в свободном доступе на сайте архива Яковлева [1]. По мнению Яковлева «фонд должен способствовать проведению научных исследований, основанных на новой документальной базе». Особое значение для нас имеет комплексная монография «Особые лагеря Казахстана: Степной, Песчаный, Луговой, Дальний», изданная участниками научно-исследовательского гранта из института актуального образования «Болашак». В монографии, по сути, являющейся первой целостной научной работой, посвященной теме особых лагерей Казахстана, содержится солидное количество архивных документов из фонда ГАРФ, требующие тщательного анализа. Вторая группа источников представляет множество статей на тему Кенгирского восстания. Среди авторов можно отметить: Н. Формозов, Д. Зубарев, А. Штамм. В журнале